«Ниеттестік бағдарламасының шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» сауда эквайрингінің қосылу шартына
№__ ҚОСЫМША КЕЛІСІМ

Алматы қ. «___» _____ 202_ж.

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Банк**) атынан _____ жылғы № ___ Сенімхат негізінде әрекет етуші _____ арқылы бір тараптан және «_____» _____ (бұдан әрі – **Кәсіпорын немесе Серіктес**) атынан _____ негізінде әрекет етуші _____ арқылы екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп **Тараптар** деп, ал жекелей алғанда жоғарыда көрсетілгендей немесе **Тарап** деп аталатындар Сауда/сервис кәсіпорны «___» _____ 20___ ж. қосылған Сауда эквайрингінің қосылу шартына (бұдан әрі – **Шарт**) осы №___ Қосымша келісімді мына төмендегілер туралы жасасты:

1. Осы Қосымша келісімде Шартта, Қағидаларда анықталған ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Бонус – Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілу нәтижесінде Кәсіпорыннан алған клиенттің қаражаты. 1 (бір) Бонус 1 (бір) теңгеге тең;

Бонус клубы – Кәсіпорындарды біріктіретін және Қағидаларда баяндалған талаптармен Банктің карта ұстаушыларына қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін Банк өнімі;

Сыйақы – Кейінге қалдырылған жеңілдік және/немесе купон.

Науқан – Сыйақы беру талаптары;

Кейінге қалдырылған жеңілдік – Клиент қаражатының есебінен Карта бойынша төленген тауарларды/көрсетілген қызметтерді төлеуге Кәсіпорынның Ағымдағы шотына аударылуға жататын сомадан Банк ұстап қалған ақша (Транзакция сомасынан пайыздық қатынаста).

Қағидалар – Банк және Серіктес жүргізетін маркетингтік науқандар негізінде де Бонустарды есептеу, жұмсау, есептен шығару және қалпына келтіру тәртібін анықтайтын Банктің halykbank.kz сайтында орналастырылған Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған қағидалары.

2. Осы Қосымша келісім Кәсіпорынның Бонус клубына кіру және оның Бонус клубы шеңберінде Банкпен өзара әрекеттесу талаптарын белгілейді.

3. Осы Қосымша келісім бекітілгеннен кейін Кәсіпорын осы Қосымша келісім бұзылған сәтке дейін Бонус клубының Серіктесі болып табылады.

4. Осы арқылы Кәсіпорын клиенттерге Кейінге қалдырылған жеңілдікті, бұл осы Қосымша келісімде және Қағидаларда көзделген жағдайда беруге келіседі.

5. Осы арқылы Кәсіпорын Банктің https://halykbank.kz/ сайтында орналастырылған Бонус клубының қағидаларымен толық келіседі және оларды сақтауға міндеттенеді. Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған қағидалары осы Қосымша келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

6. Банк картасын немесе QR-кодты пайдалана отырып карта ұстаушының қаражаты есебінен Серіктесте транзакция жүргізген жағдайда, Банк ақшаны осы Қосымша келісімнің қосымшасында белгіленген Кейінге қалдырылған жеңілдікті шегеріп, сондай-ақ Сауда эквайрингінің қосылу шартына Қосылу туралы келісімде белгіленген Банктің комиссиялық сыйақысын шегеріп Серіктестің ағымдағы шотына аударады. Бұл ретте осы Қосымша келісімнің қосымшасында белгіленген жағдайларда Карта Ұстаушыға сондай-ақ купон берілуі мүмкін.

7. Картаны немесе QR-кодты[*] пайдалана отырып Бонустар есебінен Серіктесте транзакция жүргізген жағдайда, Банк ақшаны Шартқа (яғни, Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілуінсіз, Сауда эквайрингінің қосылу шартына Қосылу туралы келісімде белгіленген Банктің комиссиялық сыйақысын шегеріп) сәйкес Серіктестің ағымдағы шотына аударады.

8. Картаны немесе QR-кодты* пайдалана отырып Карта Ұстаушының қаражаты есебінен ішінара және бонустар есебінен ішінара Серіктесте Транзакция жүргізген жағдайда, Банк ақшаны Серіктестің ағымдағы шотына мынадай тәртіппен аударады:

1) Карта Ұстаушының қаражаты есебінен жүргізілетін Транзакция сомасының бір бөлігі осы Қосымша келісімнің 6-тармағына сәйкес аударылады (Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілуімен). Бұл ретте Қосымша келісімде белгіленген жағдайларда, Карта ұстаушыға сондай-ақ купон берілуі мүмкін;

2) Бонустар есебінен жүргізілетін транзакция сомасының бір бөлігі осы Қосымша келісімнің 7-тармағына сәйкес аударылады (Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілуінсіз).

9. Карта ұстаушыларға Серіктесте қызмет көрсеткен кезде кейінге қалдырылған жеңілдікті берудің бірнеше талаптары сәйкес келген жағдайда, берілетін кейінге қалдырылған жеңілдіктің мөлшерлері жинақталады.

10. Бағдарламалық жасақтамадағы техникалық қатенің немесе жабдықты дұрыс баптамаудың нәтижесінде Серіктестен бонустар есептелмеген немесе дұрыс есептелмеген кезде Банк Серіктестің ағымдағы шотын тікелей дебеттеу арқылы ақшаны есептен шығаруға құқылы, оған Серіктес өзінің сөзсіз келісімін береді және клиенттің бонустық шотына есептелуге жататын мөлшерде Серіктестен бонустарды есепке жатқызуға құқылы.

11. Осы Қосымша келісім заңдық күші бірдей екі данада, әр Тарапқа бір-бір данадан жасалды және Банк бонустарды есептеу жөніндегі техникалық баптауларды орнатқан сәттен бастап күшіне енеді.

12. Әрбір Тарап бас тарту жорамалданған күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарландыру жіберу жолымен осы Қосымша келісімді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

13. Бонус клубының барлық Серіктесі осы Қосымша келісімге қол қоя отырып, Карта ұстаушының Бонус клубының Серіктесі болып табылатын кез келген Сауда/сервис кәсіпорнында Бонустарды алу және пайдалану мүмкіндігімен келіседі. Осы арқылы Кәсіпорын Бонус клубына, Қағидаларға қосылады және Қосымша келісімнің осы тармағында баяндалғандармен өзінің сөзсіз келісетіндігін білдіреді.

14. Осы Қосымша келісім Тараптар арасында осы Қосымша келісім бойынша барлық өзара есеп айырысулар аяқталғаннан кейін тоқтатылады.

15. Осы Қосымша келісімде айтылмаған Шарттың қалған ережелері күшінде қалады және осы арқылы Тараптар олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

16. Осы Қосымша келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қосымша келісіммен ресімделеді және оларға Тараптардың екеуі де қол қойған жағдайда ғана заңды күшке ие болады.

---

[*] Клиенттің Бонустар есебінен Серіктесте QR-кодты пайдалану арқылы Транзакция жүргізуі Банктің техникалық іске асырған күнінен бастап әрекет етеді.

Банк **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ, 40-үй БСН 940140000385 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX ЖСК KZ766010002203065577 Резиденттік белгісі – 1 Экономика секторы – 4 Тел. Банк атынан _____ _____М.О.	**Кәсіпорын** _____ Қазақстан Республикасы, Алматы қ., _____ көш. БСН/ЖСН _____ Ағымдағы шот № KZ_____ Банк «_____» АҚ БСК _____ Экономика секторының коды: ___ Резиденттік белгісі: 1 Тел.: (727) _____ Факс: Кәсіпорын атынан _____ _____М.О.

«Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде
Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы»
сауда эквайрингінің қосылу шартының
№__ қосымша келісіміне
Қосымша

Алматы қ. «___» _____
202_ жыл

Бонустар беру туралы келісім

Банк пен Сауда/сервис кәсіпорны «___» _____ 202_ жылғы «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» сауда эквайрингінің қосылу шартының №__ қосымша келісіміне (бұдан әрі – Қосымша келісім) сәйкес төмендегілер жөнінде келісті:

1. Осы қосымшада Шартқа, Сауда эквайрингінің қосылу шартының Қосымша келісіміне және Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған қағидаларына сәйкес анықталған түсініктер пайдаланылады.

2. Сауда/сервис кәсіпорнының төменде көрсетілген сауда нүктелері Банктің Карта ұстаушыларына қызмет көрсеткен кезде Сыйақы береді.

3. Кейінге қалдырылған жеңілдікті беру талаптары:

1) Транзакция сомасынан ____% тұрақты сыйақы;

2) Транзакция сомасынан ____% _____ теңге;

3) Транзакция сомасынан ____% сыйақы карталардың келесі түрлері бойынша: _____;

4) Белгілі бір апта күндері немесе ай күндері және/немесе тәуліктің белгілі бір уақытында бонустар есептеу: «__» _____ ж. бастап «__» _____ ж. дейін (қоса алғанда) ____%;

5) басқа талаптар: _____

4. Қосымша талаптар:

_____

5. Сауда/сервис кәсіпорны сауда нүктесінің/интернет-ресурсының атауы және сауда нүктесінің мекенжайы/URL мекенжайы: _____

_____

_____

Банк **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ, 40-үй БСН 940140000385 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX ЖСК KZ766010002203065577 Резиденттік белгісі – 1 Экономика секторы – 4 Тел. Банк атынан _____ _____М.О.	**Кәсіпорын** _____ Қазақстан Республикасы, Алматы қ., _____ көш. БСН/ЖСН _____ Ағымдағы шот № KZ_____ Банк «_____» АҚ БСК _____ Экономика секторының коды: ___ Резиденттік белгісі: 1 Тел.: (727) _____ Факс: Кәсіпорын атынан _____ _____М.О.

«Ниеттестік бағдарламасының шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет эквайрингтің қосылу шартына
№__ ҚОСЫМША КЕЛІСІМ

Алматы қ. «___» _____
202_ж.

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) атынан _____ жылғы № ___ Сенімхат негізінде әрекет етуші _____ арқылы бір тараптан және «_____» _____ (бұдан әрі – Кәсіпорын немесе Серіктес) атынан _____ негізінде әрекет етуші _____ арқылы екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал жекелей алғанда жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталатындар Кәсіпорын «___» _____ 20___ ж. қосылған Интернет эквайрингтің қосылу шартына (бұдан әрі – Шарт) осы №___ Қосымша келісімді мына төмендегілер туралы жасасты:

1. Осы Қосымша келісімде Шартта, Қағидаларда анықталған ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Бонус – Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілу нәтижесінде Кәсіпорыннан алған Карта ұстаушының қаражаты. 1 (бір) Бонус 1 (бір) теңгеге тең;

Бонус клубы – Кәсіпорындарды біріктіретін және Қағидаларда баяндалған талаптармен Банктің Карта ұстаушыларына қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін Банк өнімі;

Науқан – Сыйақы беру талаптары;

Кейінге қалдырылған жеңілдік – Карта ұстаушы қаражатының есебінен Карта бойынша төленген тауарларды/көрсетілген қызметтерді төлеуге Кәсіпорынның шотына аударылуға жататын сомадан Банк ұстап қалған ақша (Транзакция сомасынан пайыздық қатынаста).

Қағидалар – Банк және Серіктес жүргізетін маркетингтік науқандар негізінде де Бонустарды есептеу, жұмсау, есептен шығару және қалпына келтіру тәртібін анықтайтын Банктің halykbank.kz сайтында орналастырылған Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған қағидалары.

2. Осы Қосымша келісім Кәсіпорынның Бонус клубына кіру және оның Бонус клубы шеңберінде Банкпен өзара әрекеттесу талаптарын белгілейді.

3. Осы Қосымша келісім бекітілгеннен кейін Кәсіпорын осы Қосымша келісім бұзылған сәтке дейін Бонус клубының Серіктесі болып табылады.

4. Осы арқылы Кәсіпорын клиенттерге Кейінге қалдырылған жеңілдікті, бұл осы Қосымша келісімде және Қағидаларда көзделген жағдайда беруге келіседі.

5. Осы арқылы Кәсіпорын Банктің https://halykbank.kz/ сайтында орналастырылған Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған қағидаларымен толық келіседі және оларды сақтауға міндеттенеді. Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған қағидалары осы Қосымша келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

6. Транзакциялар жүргізген кезде Кәсіпорын Карта ұстаушыға Бонустар: осы Қосымша келісімнің қосымшасында белгіленген мөлшерде және тәртіпте Кейінге қалдырылған жеңілдікті береді. Бонустарды беру талаптары және мөлшері өзгерген жағдайда Тараптар Қосымша келісімнің жаңа (жаңартылған) редакциясына қол қояды.

7. GoCard картасының деректемелерін немесе QR-кодты пайдалана отырып Карта ұстаушы Қаражатының есебінен Кәсіпорында Транзакция жүргізген жағдайда, Банк ақшаны осы Қосымша келісімде белгіленген Кейінге қалдырылған жеңілдікті шегеріп және Интернет эквайрингтің қосылу шартына қосымшада белгіленген Банктің комиссиялық сыйақысын шегеріп, Кәсіпорынның шотына аударады.

8. GoCard картасының деректемелерін немесе QR-кодты* пайдалана отырып бонустар есебінен Кәсіпорында Транзакция жүргізген жағдайда, Банк ақшаны Шартқа сәйкес (о.і. Кейінге қалдырылған жеңілдікті берусіз Интернет эквайрингтің қосылу шартына қосымшада белгіленген Банктің комиссиялық сыйақысын шегеріп) Кәсіпорынның шотына аударады.

9. Бағдарламалық жасақтамадағы техникалық қатенің немесе жабдықты дұрыс баптамаудың нәтижесінде Кәсіпорыннан бонустар есептелмеген немесе дұрыс есептелмеген кезде Банк Кәсіпорынның ағымдағы шотын тікелей дебеттеу арқылы ақшаны есептен шығаруға құқылы, оған Кәсіпорын өзінің сөзсіз келісімін береді және клиенттің бонустық шотына есептелуге жататын мөлшерде Кәсіпорыннан бонустарды есепке жатқызуға құқылы.

10. Осы Қосымша келісім заңдық күші бірдей екі данада, әр Тарапқа бір-бір данадан жасалды және Банк бонустарды есептеу жөніндегі техникалық баптауларды орнатқан сәттен бастап күшіне енеді.

11. Әрбір Тарап бас тарту жорамалданған күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарландыру жіберу жолымен осы Қосымша келісімді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

12. Бонус клубының барлық Серіктесі осы Қосымша келісімге қол қоя отырып, Карта ұстаушының Бонус клубының Серіктесі болып табылатын кез келген Кәсіпорында Бонустарды алу және пайдалану мүмкіндігімен келіседі. Осы арқылы Кәсіпорын Бонус клубына, Қағидаларға қосылады және Қосымша келісімнің осы тармағында баяндалғандармен өзінің сөзсіз келісетіндігін білдіреді.

13. Осы Қосымша келісім Тараптар арасында осы Қосымша келісім бойынша барлық өзара есеп айырысулар аяқталғаннан кейін тоқтатылады.

14. Осы Қосымша келісімде айтылмаған Шарттың қалған ережелері күшінде қалады және осы арқылы Тараптар олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

15. Осы Қосымша келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қосымша келісіммен ресімделеді және оларға Тараптардың екеуі де қол қойған жағдайда ғана заңды күшке ие болады.

Банк: **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ, 40-үй БСН 940140000385 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX ЖСК KZ766010002203065577 Резиденттік белгісі – 1 Экономика секторы – 4 Тел. Банк атынан _____ _____М.О.	**Кәсіпорын:** _____ Қазақстан Республикасы, Алматы қ., _____ көш. БСН/ЖСН _____ Ағымдағы шот № KZ_____ Банк «_____» АҚ БСК _____ Экономика секторының коды: ___ Резиденттік белгісі: 1 Тел.: (727) _____ Факс: Кәсіпорын атынан _____ _____М.О.

* Клиенттің Бонустар есебінен Серіктесте QR-кодты пайдалану арқылы Транзакция жүргізуі Банктің техникалық іске асырған күнінен бастап әрекет етеді.

«Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде
Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы»
интернет эквайрингтің қосылу шартының
қосымша келісіміне
Қосымша

«___» _____ 20_ жыл

Банк пен Кәсіпорын «___» _____ 20_ жылғы «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет эквайрингтің қосылу шартының №__ қосымша келісіміне (бұдан әрі – Қосымша келісім) сәйкес төмендегілер жөнінде келісті:

1. Осы қосымшада Шартқа, Қосымша келісімге және Бонус клубының қағидаларына сәйкес анықталған түсініктер пайдаланылады.

2. Кәсіпорынның төменде көрсетілген сауда нүктелері:

№	Кәсіпорынның сауда нүктесінің/интернет-ресурсының атауы	Науқан
1	www._____	1 БАЗАЛЫҚ НАУҚАН

Карта ұстаушыға қызмет көрсеткен кезде сыйақы.

3. Кейінге қалдырылған жеңілдік талаптары мен мөлшері.

3.1. 1 Базалық науқан

р/т №	Талабы	Мәні
1.	Науқанның әрекет ету мерзімі	20____жылғы _____ бастап _____ дейін
2.	Сыйақы транзакция сомасына беріледі	Белгіленген сценарийге сәйкес анықталады
3.	Сүзгілердің болуы иә/жоқ	Жоқ
Сценарий (ең аз дегенде біреуі) және олар бойынша сыйақы		
4.	№ 1 сценарий Транзакция сомасы _____ (_____) теңгеден бастап	Кейінге қалдырылған жеңілдік: транзакция сомасынан ____ %

4. Карта ұстаушыға Кәсіпорында қызмет көрсеткен кезде Кейінге қалдырылған жеңілдікті берудің бірнеше талабы сәйкес келген жағдайда Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілетін мөлшерлері жиынтықталады.

Банк: **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ, 40-үй БСН 940140000385 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX ЖСК KZ766010002203065577 Резиденттік белгісі – 1 Экономика секторы – 4 Тел. Банк атынан _____ _____М.О.	**Кәсіпорын:** _____ Қазақстан Республикасы, Алматы қ., _____ көш. БСН/ЖСН _____ Ағымдағы шот № KZ_____ Банк «_____» АҚ БСК _____ Экономика секторының коды: ___ Резиденттік белгісі: 1 Тел.: (727) _____ Факс: Кәсіпорын атынан _____ _____М.О.

Бонус клубы Серіктестерінің қызметкерлеріне арналған жадынама

POS-терминалды пайдалану бойынша кассирге жадынама

Кассирдің POS-терминалды пайдалануы бойынша осы Жадынамада сипатталмаған барлық әрекеттерді кассир Сауда эквайрингінің қосылу шартының қосымшаларына (Карта ұстаушыларға қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық және POS-терминалды пайдалану бойынша нұсқаулық) сәйкес орындайды.

1) Кассир мыналарды білуі керек:

1) Бонус клубына тек «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның төлем карталары ғана (бұдан әрі – Халық Банкі) қатысады;

2) Халық Банкінің төлем карталарына тек Халық Банкі орнатқан POS-терминал арқылы қызмет көрсетілуі тиіс;

3) Халық Банкінің төлем карталарын ұстаушыларға жасалған сауда үшін бонустар есептеледі;

4) Халық Банкінің төлем карталарын ұстаушылар жасалған сауда үшін жинақталған бонустармен есеп айырыса алады.

2) Серіктестің сауда нүктесіндегі POS-терминалда жүргізілетін **операциялар тізбесі:**

1) сатып алынған тауар (қызмет) үшін бонустар есептеумен төлем картасын ұстаушының карталар базасындағы ағымдағы шоттан тауарды (қызметті) төлеу;

2) тауар (қызмет) үшін бонустарды төлеу;

3) сатып алуды болдырмау;

4) бонустар бойынша балансты (қалдықты) алу.

3. Бонустармен жұмыс жасау үшін **қажетті іс-әрекеттер тізбесі:**

«Сатып алу» режимі тауарды төлем картасымен төлеген кезде таңдалады. Осы режимді таңдағаннан кейін келесі тармақтардағы мәзір ұсынылады:

«***Келесі қадам***» режимі сатып алушы тауарды (қызметті) төлем картасымен төлеген жағдайда таңдалады.

«***GoCard***» режимі клиент тауарды (қызметті) бонустармен төлейтін болса, сондай-ақ бонустар балансын қарап шығу үшін таңдалады (Назар аударыңыз! Тауарды/қызметті бонустармен төлеген кезде қосымша бонустар есептелмейтіндігін клиентке түсіндіру қажет).

«Болдырмау режимі» клиент тауарды сатып алған кезде тапқан бонустарды клиенттің бонустық шотынан шығарып ала отырып «Сатып алу» операциясын болдырмауға мүмкіндік береді.

4. Бонус клубының Серіктесі – Сауда (сервис) **кәсіпорны** Бонус клубындағы Серіктестің жұмысы үшін және Банкпен өзара әрекеттесу үшін Кәсіпорыннан жауапты үйлестірушіні (бұдан әрі – үйлестіруші) белгілейді.

5. Үйлестіруші не істейді:

1) жарнамалық өнімді Кәсіпорындарға таратады;

2) жарнамалық өнімнің бар-жоғына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады;

3) жарнамалық өнімнің қажеттілігі туралы Банкті алдын ала хабарландырады;

4) Кәсіпорынның барлық сауда залдарында үлгілік хабарландыруды орналастырады;

5) Серіктестің Бонус клубына қатысу мәселелері бойынша клиенттерге және жаңа қызметкерлерге кеңес береді.

6. Кассир не істейді:

1) әрбір клиентке Халық Банкінің төлем картасы бойынша қызмет көрсетілуін ұсынады;

2) барлық клиентке бонустарды тек Халық Банкінің карталары бойынша ғана алу мүмкіндігінің бар екендігі туралы хабарлайды.

3) әрбір клиентке чегі бар үндеухатты береді немесе үндеухатты сатып алынған тауар салынған пакеттерге салады;

4) тауарды/қызметті бонустармен төлеу мүмкіндігі туралы клиенттерді хабарландырады;

5) бонустармен төлеген кезде немесе клиенттің сұрау салуы бойынша бонустық шоттың баланс сомасы туралы хабарландырады;

Транзакцияны міндетті түрде Халық Банкінің карталарын пайдалана отырып Халық Банкінің POS-терминалы арқылы жүргізеді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалы
директорының орынбасары

_____
(Т.А.Ә.)

Кімнен

_____
(Т.А.Ә.)

_____
(лауазымы)

Бонус клубынан өшіруге өтініш

_____ *(компанияңыздың заңды атауы)* [Сауда эквайрингінің қосылу шартының Қосымша келісімін] 20___ жылғы «___» _____№_____ «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» [интернет эквайрингтің қосылу шартының Қосымша келісімін] бұзуыңызды және 20___ жылғы «___» _____ бастап Бонус клубынан ажыратуыңызды сұрайды.

ЖСН/БСН	
Саудалық атауы	
Сауда орнының мекенжайы	
Келісімшарт нөмірі	

Сауда эквайрингінің қосылу шартының немесе «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет эквайрингтің қосылу шартының Қосымша келісіміне және Бонус клубының қағидаларына сәйкес Бонус клубынан ажыратқан кезде барлық міндеттеменің орындалуына кепілдік беремін.

_____ *(Күні)*

_____ *(Басшының қолы)*

_____ *(Басшының Т.А.Ә.)*

_____ *(Басшының лауазымы)*

МО